

Геологиялық ақпарат туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1996 жылғы 14 мамыр N 224-ө. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998.10.30. N 1114 қаулысымен. ~P981114

Мұнайгаз саласындағы жекешелендірілетін кәсіпорындар бойынша геологиялық ақпарат тендерін шетелдік қатысушылардың талдау жасауына жәрдемдесу мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының геология және жер қойнауын қорғау министрлігі қолданылып жүрген заңдарға сәйкес Алдын ала біліктілік туралы келісім жасаған және Біліктілік төлемін төлеген тендердің шетелдік қатысушыларына мұнайгаз саласындағы жекешелендірілетін кәсіпорындар жөніндегі қажетті ақпаратты аталған геологиялық ақпаратты Қазақстан Республикасынан тысқары уақытша әкетуге арналған рұқсат құжаттарын ресімдеп, сондай-ақ консультанттар мен Қазақстан Республикасы Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігінің қатысуымен жиналған ақпаратты берсін.

Уақытша әкетуге берілген рұқсатта тендер аяқталысымен барлық ақпаратты Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігінің мемлекеттік геологиялық қорына қайтару көзделсін.

2. Қазақстан Республикасының Кеден комитеті Қазақстан Республикасынан геологиялық ақпаратты кейін қайтарып, бажсыз әкетілуін бақылау жасауды қамтамасыз етсін.

Премьер-Министр